

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында 2014 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасы ер азаматтарының тіркелуін және медициналық куәландыруын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы N 21 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда N 2432 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2015 жылғы 12 маусымдағы N 15.1.5-11/314 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 12.06.2015 N 15.1.5-11/314 хаты).**

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандығы Заңының 16-бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 Қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2014 жылғы қаңтар-наурыз аралығында "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру участкесіне (келісім бойынша) тіркелу жылына он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының тіркелуі және медициналық куәландыруы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімінің орындауына бақылау әлеуметтік мәселелері бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің орынбасары Зина Сапуанқызы Байғаскинаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми түрде жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткенінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы

Шал ақын ауданының

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"

Республикалық мемлекеттік

мекемесінің бастығы

3 желтоқсан 2013 жыл

M. Омаров

P. Мұратбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК